



4 870220 1330029



6

БИЗНЕС БЕРЕКЕЛІ БОЛУ ҮШІН... ҚАНДАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ КЕРЕК?

Бүгінгі санда:



АҚТӨБЕ ТЕЛЕАРНАСЫ —
УАҚЫТ ҮНІ, Өңір шежіресі


8

9



«КЕДЕЙДЕН» БАСТАЛҒАН ЖОЛ
«ТЕМІРДІҢ» ТОҚСАН БЕС
ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ

11



Мемлекет адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайды. Олардың адал еңбегінен түскен салықты елімізді дамытуға жұмсайды.

Салықтан түскен әр теңге халықтың игілігіне жұмсалуға тиіс. Бұл — азаматтарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетіліп, инфрақұрылым салынып, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылуы қажет деген сөз.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің оқырман

СЕНІМДІ АҚПАРАТ КӨЗІ, ЕЛДІҢ ШЫНАЙЫ ҮНІ



Нұрсұлтан ІЛІЯСОВ,
ардагерлер кеңесінің мүшесі

«Ақтөбе» — өңірдің айнасы, ел өмірінің тынысын дәл беріп отырған беделді басылымның бірі. Мен бұл газетті көп жылдан бері тұрақты оқып келемін. Әр нөмірінен облыстың дамуы, қала мен ауыл тіршілігі, еңбек адамдарының тынысы мен жетістіктері туралы тың мақалаларды табуға болады.

Газеттің ұнайтын тұсы — жарияланымдарында жасандылық жоқ, бәрі шынайы өмірмен тығыз байланысты. Әр мақаладан туған жерге деген сүйіспеншілік, елге деген қамқорлық сезіледі. Әсіресе ауыл-аймақтың мәселесін көтеріп, нақты шешім жолын ұсынатын материалдары мені қатты қызықтырады. Біздің Темір ауданы туралы мақалалар да жиі жарық көреді. Бұл басылым тек жаңалық жеткізіп қоймай, ой салады, талқылауға, әрекетке итермелейді.

«Ақтөбе» газетінің тағы бір артықшылығы — өңірдің қарапайым еңбек адамдарына, ұстаздарға, дәрігерлерге, шаруаларға ерекше назар аударуы. Жастарға үлгі боларлық тұлғаларды насихаттау да маңызды бағытқа айналған.

Бүгінгі ақпарат тасқыны заманында дәстүрлі баспасөздің орны бөлек. Газеттің әр мақаласы архивтік мәнге ие, ертеңгі күнге қалатын тарих. Сондықтан «Ақтөбе» аймақтың рухани өмірін қалыптастырып отырған, қоғаммен етене байланыс орната білген басылым дер едім.

Оқырман ретінде мен газеттің тілі мен стилін, айқын ұстанымын ерекше бағалаймын. Бұл — сенімді ақпарат көзі, елдің шынайы үні. Осындай мазмұнды да сапалы еңбегі үшін редакция ұжымына ризашылығымды білдіремін.

Темір ауданы.

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға
жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),
8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).